

**«3-Энергоорталық» АҚ 2023 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу (жылу энергиясын өндіру) туралы есебі**

2024 жылғы 23 сәуірде бекітілген тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша «3-Энергоорталық» АҚ қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2023 жылдың қорытындысы бойынша есеп жүргізілді.

Сонымен бірге есеп «Zoom» қосымшасы (бейнежазба жүргізумен) арқылы онлайн-трансляция ұйымдастырумен жүргізілді.

**Жалпы ақпарат**

«3-Энергоорталық» АҚ - электр энергиясы мен жылу энергиясының құрамдастырылған өндірісі бар энергия көзі. Станцияның белгіленген электр қуаты 160 Мвт. Станцияның жұмыс қуаты жазда 75 Мвт дейін және қыста 140 Мвт дейін құрайды.

Станцияның жылу қуаты ыстық суда сағатына 500 Гкал дейін және түрлі параметрлерде (60 атм., 35 атм., 16 атм.) сағатына 205 т. дейін бу беруге мүмкіндік береді.

Негізгі отын - табиғи газ, резервтік отын - отындық мазут М-100 болып табылады.

«3-Энергоорталық» АҚ қызмет түрі бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілді:

- жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтер (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің ОҚО бойынша департаментінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 304-ОД бұйрығы).

2023 жыл ішінде «3-Энергоорталық» АҚ үшін жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге екі тариф әрекет етті:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйекке дейін ҚҚС-сыз 4 556,39 теңге/Гкал мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 84-ОД бұйрығымен бекітілген;

- 2023 жылдың 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін ҚҚС-сыз 4 785,74 теңге/Гкал мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 68 бұйрығымен бекітілген.

Тарифтік смета ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 102 бұйрығымен түзетілді.

**Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат (1-қосымша)**

2022-2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтердің инвестициялық бағдарламасы ҚР ҰЭМ ТМРК Шымкент қаласы бойынша департаментінің 19.08.2021 жылғы №90-ОД және Шымкент қаласы әкімдігінің 31.08.2021 жылғы №90 бірлескен бұйрығымен бекітілген. 2023 жылға арналған инвестициялық бағдарлама ҚР ҰЭМ ТМРК Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 1 маусымдағы №28 және Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 маусымдағы №40 бірлескен бұйрығымен түзетілді.

2023 жылы бекітілген инвестициялық бағдарламада 245,642 млн. теңге сомасына келесі жұмыстарды орындауды қамтитын іс-шаралар өткізу көзделген:

**1. №1 ст. КБҚ-2 қазандық агрегатын, ТГМЕ-464 4 сатысын күрделі жөндеу:**

Күрделі жөндеу жұмыстары №1 ст. КБҚ-2 пакеттерін, ТГМЕ-464 қазандық агрегатының 4 сатысын бөлшектеу бойынша жұмыстарды қамтиды, саны 110 дана.

Саны 110 дана КБҚ-2 пакеттерін, 4 сатысын дайындау және монтаждау, сығымдау (Ф-36x6 12X1МФ құбыры).

## **2. №1 ПТ-80/100-130/13 турбоагрегатын күрделі жөндеу:**

Күрделі жөндеу ЖҚЦ және ТҚЦ корпустарынан жылу оқшаулағышты бөлшектеу, ЖҚЦ, ТҚЦ қақпағын бөлшектеу, тозған қосалқы бөлшектерді тазалау және ауыстыру, тығыздағышы бар роторларды құрастыру, ЖҚЦ, ТҚЦ қақпағын жабу және жылу оқшаулағышты монтаждау бойынша жұмыстарды қамтиды.

## **3. №3 ст. КБҚ-2 қазандық агрегатын, ТГМЕ-464 3 сатысын күрделі жөндеу:**

Күрделі жөндеу жұмыстары №3 ст. КБҚ-2 пакеттерін, ТГМЕ-464 қазандық агрегаттарының 3 сатысын бөлшектеу бойынша жұмыстарды қамтиды, саны 110 дана.

Саны 110 дана КБҚ-2 пакеттерін, 3 сатысын дайындау және монтаждау, сығымдау (Ф-36x6 12X1МФ құбыры).

Инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары 2023 жылы 1 018,5 млн. теңге сомасына толық көлемде орындалды, оның ішінде жылу энергиясын өндіруге жатқызылатын сома 258,5 млн. теңгені құрады.

Пайданың болмауына байланысты инвестициялық бағдарлама амортизациялық аударымдар және шығын баптары бойынша үнемдеу салдарынан босаған қаражат есебінен орындалды.

2023 жылғы көлемнің төмендеуіне байланысты жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша «3-Энергоорталық» АҚ толық алынбаған кірісінің сомасы 554,4 млн. теңгені құрайды.

## **Жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы ақпарат (2-қосымша)**

*Жылу энергиясын өндіруге арналған шығындар 2 514,1 млн. теңгені құрады, бұл бекітілген тарифтік сметадан 10% немесе 278,9 млн. теңгеге төмен. 1 Гкал өзіндік құны 5 099,02 теңгені құрады.*

Жылу энергиясын өндіруге арналған шығындар бойынша ауытқулардың себептері:

Шығындардың негізгі бабы отын болып табылады, ол шығындар құрылымында 69% құрайды.

«Отын» бабы бойынша өндіріс көлемінің қысқаруы есебінен шығындардың 346,7 млн. теңгеге немесе 16,7% төменделуі.

«3-Энергоорталық» АҚ тәуелді емес себептер бойынша өндіріс көлемінің төмендеуінен кеелсі баптар бойынша үнемдеу орын алды:

- технологиялық мақсаттарға су - 27,5%;

- ЖЖМ - 3,6%

- салықтар - 7,7%;

2023 жылы жылу энергиясын өндіру бойынша шығындар 219,7 млн. теңгені құрады.

Шығындылықтың негізгі себептері - «3-Энергоорталық» АҚ тәуелді емес себептер бойынша өткізу көлемінің төмендеуіне байланысты табыстың толық алынбауы. «3-Энергоорталық» АҚ тәуелді емес себептер бойынша 2023 жылы «3-Энергоорталық» АҚ жылу энергиясын өткізу көлемін қысқарту есебінен бекітілген тарифтік сметамен салыстырғанда жылу энергиясын өткізуден 554,4 млн. теңге кіріс алды.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 33-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты шығындарды үнемдеудің болуы бекітілген тарифтік смета шығындарының баптарын орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті енгізуге жол бермеу үшін негіз болып табылады.

2022 жылы жылу энергиясын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша «3-Энергоорталық» АҚ толық алынбаған кірісінің сомасы 554,4 млн. теңгені құрайды.

Бекітілген тарифтік сметада көзделген қаражатты толық алмауға әкеп соққан жылу энергиясы өндірісі көлемінің төмендеуіне байланысты шығындар баптары бойынша үнемдеу сомасы жол берілетін шектен (5%) 363,8 млн. теңгені құрайды.

Осылайша, алынбай қалған кіріс тарифтік сметаны толық орындамаудың жалпы сомасынан асып түседі, осыған байланысты өтемдік тарифті енгізу үшін негіз жоқ.

**2023 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы**

«3-Энергоорталық» АҚ үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштері және қызмет тиімділігінің көрсеткіштері әзірленбеген және бекітілмеген.

Өз кезегінде 2023 жылы бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау нәтижесінде негізгі құралдардың, №1 ст. ТГМЕ-464 қазандық агрегатының тозуы 1,3%-ға, №3 ст. ТГМЕ-464 қазандық агрегатының тозуы 1,2%-ға, №1 ПТ-80/100-130/13 турбоагрегаттың тозуы 12,2%-ға төмендеді.

р/с №	Сапа және сенімділік көрсеткіштері, тиімділік көрсеткіштері	2022 жылғы факт	2023 жылғы жоспар	2023 жылғы факт	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерінің сақталуын, тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерін сақтамау, тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	негізгі құралдардың тозуын төмендету, %	бекітілмеген	бекітілмеген	тозу 1,2%-дан 12,2% -ға дейін төмендеді	қол жеткізілді	жоқ

### **Табиғи монополия субъектісі қызметінің 2023 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы ақпарат**

2023 жылы жылу энергиясын сатудан түскен кіріс 2 294,4 млн. теңгені құрады, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 19,5% төмен.

2023 жылы жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындар 2 514,1 млн. теңгені құрады, бұл бекітілген тарифтік сметаға қарағанда 10% төмен.

2023 жылы жылу энергиясын өндіру бойынша шығындар 219,7 млн. теңгені құрады.

Шығындылықтың негізгі себептері - жылу энергиясын өткізу көлемінің төмендеуіне байланысты табыстың толық алынбауы.

#### **2023 жылға ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы ақпарат**

2023 жылы жылу энергиясын өткізу көлемі 493,1 мың Гкал құрады, оның ішінде:

ыстық судағы жылу энергиясы - 490,4 мың Гкал немесе сатудың жалпы көлемінің 99,5%;  
бу - 2,7 мың Гкал немесе сатудың жалпы көлемінің 0,5%.

Бекітілген тарифтік сметада жылу энергиясын өткізу көлемі 595,3 мың Гкал құрайды, оның ішінде: ыстық судағы жылу энергиясы - 594,6 мың Гкал немесе сатудың жалпы көлемінің 99,9%; бу - 0,7 мың Гкал немесе сатудың жалпы көлемінің 0,1%.

Жылу энергиясын беру температуралық кесте бойынша жүргізіледі, жылу энергиясын есепке алу теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекарасында орналасқан есепке алу аспаптары бойынша тіркеледі.

#### **Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы ақпарат**

«3-Энергоорталық» АҚ заңнаманы сақтайды және жариялылық пен ашықтық қағидаттарын ұстанады.

Біздің кәсіпорын жылына екі рет тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптар алдында табиғи монополиялар саласындағы өз қызметі туралы есеп береді. Тыңдаулар ашық жиналыстар түрінде және «Zoom» қосымшасы арқылы онлайн режимінде өтеді. Осындай іс-шаралардың уақыты мен орны туралы тиісті хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурста жарияланады.

«3-Энергоорталық» АҚ Заңмен белгіленген міндетті басшылыққа ала отырып, тұтынушыларды тарифтердің өзгергені туралы жазбаша хабардар етеді және БАҚ-та жариялайды.

Тұтынушының диспетчерлік қызметімен («Қуатжылуорталық» МКК) тікелей телефон байланысы орнатылған, қаланы жылумен жабдықтау режиміндегі бұзушылықтарды жедел жою үшін өзара іс-қимыл пысықталды.

Қызмет көрсеткені үшін «ҚуатЖылуОрталық» МКК 1.01.2024 жылына жылу энергиясын өндіру бойынша дебиторлық берешегі 3 219,2 млн. теңгені құрады. Тұтынушыны жылу энергиясынан ажырату мүмкіндігінің болмауы себебінен бұл жағдай кәсіпорында айналым қаражатының жетіспеуіне алып келеді. Көрсетілген жағдай біздің кәсіпорын көрсететін қызметтердің сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Біз әрдайым серіктесіміз - «ҚуатЖылуОрталық» МКК-ға жылу энергиясы үшін дебиторлық берешекті төлеу туралы талап-арыз хаттарын жібереміз, 1.04.2024 жылына «ҚуатЖылуОрталық» МКК бойынша дебиторлық берешек 3 828 млн теңгені құрады.

#### **Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасы туралы ақпарат**

«3-Энергоорталық» АҚ уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Қызметтер көрсету Тараптар жасасқан шарттардың және қабылданған шарттық өзара міндеттемелердің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік көрсеткіштері, тиімділік көрсеткіштері «3-Энергоорталық» АҚ үшін белгіленбеген.

2023 жылдың жылыту кезеңі жылумен жабдықтау жүйесіндегі технологиялық бұзушылықтар мен іркілістерсіз өтті. Жылу беру кезеңінде жылу магистральдарындағы жылу тасымалдағыштың гидравликалық параметрлері есептік мәндерге сәйкес келді, орталық жылумен жабдықтаудың желілік суының температурасы «ҚуатЖылуОрталық» МКК берілген температуралық режим өтінімдерге сәйкес келді.

Тиімді әдістер мен технологиялар ретінде 2023 жылы «3-Энергоорталық» АҚ кейіннен 50 метрге тереңдете отырып, су өндірудің 4 ұңғымасын жуу бойынша жұмыстар жүргізді. Бұл жұмыстар қала су арнасынан өз қажеттіліктері үшін сатып алынатын су көлемін жылына 39,4 мың м<sup>3</sup> төмендетуге мүмкіндік берді.

Кәсіпорында жылу тасымалдағыш параметрлеріне үздіксіз және сапалы мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуі бар заманауи жылу есептеу пункттері орнатылған.

Сапалы қызмет көрсету үшін кәсіпорында жабдықтарды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары уақтылы жүргізіледі.

#### **Қызмет перспективалары, оның ішінде көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 4.09.2023жылғы №68 бұйрығымен «3-Энергоорталық» АҚ үшін 2023 жылдың қазанынан 2026 жылдың желтоқсанына дейін жылу энергиясын өндіру қызметтеріне тарифтер бекітілді.

№	Қызметтердің атауы	Өлшем бірлігі	2023 жылы	2024 жылы	2025 жылы	2026 жылы
1	Жылу энергиясы	теңге/Гкал	4 785,74	5 243,95	5 395,41	5 590,39

2024 жылы «3-Энергоорталық» АҚ «жылу энергиясын өндіру» қызметі бойынша 200,2 млн. теңге сомаға уәкілетті орган бекіткен инвестициялық бағдарламаға сәйкес күрделі жөндеулерді жоспарлап отыр.

2024 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары:

1. Үшкір будың трансферлік бу құбырындағы бекіту-реттеу арматурасын ауыстыру;
2. Электроқозғалтқышы бар, автоматика және БӨА жиынтығы бар ПЭН -2 АПЭ 720-185-6 электрлі сорғы агрегатын сатып алу;
3. №3 қазандық агрегатының газ трактісін күрделі жөндеу;
4. №3 қазандық агрегатының ауа трактісін күрделі жөндеу;

Тозуды төмендету мақсатында 2024 жылға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі инвестициялық бағдарламаны инвестициялық бағдарлама сомасын ұлғайтпай іс-шараларды ауыстыра отырып, түзету жоспарланып отыр.

Құрамдастырылған өндірісті ескере отырып, 2024 жылға арналған күрделі салымдардың жалпы сомасы 806 млн. теңге мөлшерінде күтілуде.



№ p/c	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Ауытқу %	Ауытқу себептері
<b>I</b>	<b>Тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде</b>	мың теңге	<b>2 739 230,28</b>	<b>2 449 492,1</b>	<b>35,9</b>	
<b>1</b>	<b>Мат.шығындар-барлығы, оның ішінде</b>	мың теңге	<b>2 202 588,6</b>	<b>1 863 440,0</b>	<b>-15,4</b>	
1.1.	Отын (газ, мазут)	мың теңге	2 071 865,0	1 725 143,0	-16,7	Өндіріс көлемінің төмендеуі.
1.2.	химреагенттер	мың теңге	103 795,7	115 443,0	11,2	Химиялық реагенттер мен сүзгіш материалдардың құнын ұлғайту.
1.3.	технологиялық мақсатына су	мың теңге	20 275,0	14 700,0	-27,5	Өндіріс көлемінің төмендеуі.
1.4.	ТҚ көрсетуге және пайдалануға арналған материалдар	мың теңге	5 125,1	6 682,0	30,4	Өндірістік қажеттілік.
1.5.	ЖЖМ	мың теңге	1 527,8	1 472,0	-3,6	Жылу энергиясының пайыздық өзгеруіне байланысты.
<b>2</b>	<b>Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы</b>	мың теңге	<b>235 756,1</b>	<b>264 111,0</b>	<b>12,0</b>	
2.1.	ЖӨҚ жалақысы	мың теңге	211 345,63	237 593,0	12,4	1.01.2023 ж. бастап жалақыны ұлғайту. Қолданыстағы тарифте нақты жалақы

						ескерілмеген.
2.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	18 070,05	19 390,0	7,3	Аударымдар фактісі бойынша
2.3.	МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	мың теңге	6 340,37	7 128,00	12,4	Аударымдар фактісі бойынша
<b>3</b>	<b>Амортизация</b>	<b>мың теңге</b>	<b>185 467,4</b>	<b>192 859,0</b>	<b>4,0</b>	НҚ құнын күрделі жөндеу есебінен ұлғайту.
<b>4</b>	<b>Жөндеу жұмыстары</b>	<b>мың теңге</b>	<b>77 819,04</b>	<b>78 624,0</b>	<b>1,0</b>	Кәсіпорында мамандандырылған техника мен құралдардың болмауынан мердігерлік ұйымдарды тартуға байланысты.
4.1.	Жөндеу жұмысының материалдары	мың теңге	45 506,0	35 961,0	-21,0	
4.2.	Жөндеу жұмысы бойынша мердігерлік ұйымдардың қызметтері	мың теңге	32 313,0	42 663,0	32,0	
<b>5.</b>	<b>Басқа да шығындар</b>	<b>мың теңге</b>	<b>37 599,3</b>	<b>50 458,0</b>	<b>34,2</b>	
5.1.	Бөгде ұйымдардың қызметтері	мың теңге	17 904,6	30 650,0	71,2	Өндірістік қажеттілік. Қызметтер құнын ұлғайту.
5.2.	Салықтар	мың теңге	15 460,6	14 276,00	-7,7	Жылу энергиясына шығындарды бөлу коэффициентінің өзгеруіне байланысты.
5.3.	Сақтандыру	мың теңге	2 924,0	3 738,00	27,8	Қызметтер құнын ұлғайту.
5.4.	Еңбекті қорғау және ТҚ шығыстары (арнайы киім, сабын, сүт)	мың теңге	1 310,0	1 794,00	36,9	Қызметтер құнын ұлғайту.



<b>II</b>	<b>КЕЗЕҢ ШЫҒЫСТАРЫ барлығы, оның ішінде:</b>	<b>мың теңге</b>	<b>53 868,88</b>	<b>64 653,0</b>	<b>20,0</b>	
<b>6.</b>	<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:</b>	мың теңге	<b>53 868,88</b>	<b>64 653,0</b>	<b>20,0</b>	
6.1.	Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы	мың теңге	17 926,14	17 431,00	-2,8	Санның азаюы
6.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	1 532,68	1 493,00	-2,6	Аударымдар фактісі бойынша
6.3.	МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	мың теңге	537,78	522,00	-2,9	Аударымдар фактісі бойынша
6.4.	Салықтар	мың теңге	430,0	683,00	58,8	Күрделі жөндеу жұмыстары есебінен НҚ құнының ұлғаюына байланысты мүлік салығының ұлғаюы.
<b>6.5.</b>	<b>Басқа да шығындар</b>	<b>мың теңге</b>	<b>33 442,3</b>	<b>44 524,00</b>	<b>33,1</b>	
6.5.1.	Амортизация	мың теңге	4 418,27	5 025,0	13,7	НҚ құнын күрделі жөндеу жұмыстары есебінен ұлғайту.
6.5.2.	Жеңіл көлікке арналған ЖЖМ	мың теңге	215,28	196,00	-9,0	Көлемдердің төмендеуіне байланысты шығыстарды оңтайландыру.
6.5.3.	Кеңсе тауарлары, бланкілік өнімдер, компьютерлік жиынтықтар	мың теңге	1 053,52	337,00	-68,0	Жылу энергиясына шығындарды бөлу коэффициентінің өзгеруіне байланысты
6.5.4.	Іссапар шығындары	мың теңге	68,64	2 980,00	4 241,2	Оқуға бару есебінен шығындардың өсуі
6.5.5.	Байланыс қызметтері	мың теңге	479,00	740,00	54,5	Қызметтер құнын ұлғайту

6.5.6.	Сақтандыру бойынша шығындар	мың теңге	115,00	124,00	7,8	Қызметтер құнын ұлғайту
6.5.7.	Бөгде ұйымдардың жалпы сипаттағы қызметтері	мың теңге	26 762,32	34 885,0	30,4	Өндірістік қажеттілік
6.5.8.	Қызметкерлерді дамытуға арналған шығыстар	мың теңге	0,00	0,0	0,0	Жылу энергиясына шығындар жоқ
6.5.9.	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы шығыстары	мың теңге	0,00	0,0	0,0	Жылу энергиясына шығындар жоқ
6.5.10	Мерзімді баспаға және техникалық кітаптарды сатып алуға арналған шығыстар	мың теңге	32,24	16,0	-50,4	Көлемнің төмендеуіне байланысты шығындарды оңтайландыру
6.5.11	ШҚ су шығыны	мың теңге	298,0	221,0	-25,8	Жылу энергиясының пайыздық өзгеруіне байланысты
<b>III.</b>	<b>БАРЛЫҚ ШЫҒЫНДАР</b>	<b>тыс теңге</b>	<b>2 793 099,16</b>	<b>2 514 145,05</b>	<b>-10,0</b>	
<b>IV</b>	<b>Пайда</b>	тыс теңге	<b>55 756,80</b>	<b>-219 714</b>	<b>0,0</b>	
<b>V</b>	<b>Барлық КІРІСТЕР, барлығы оның ішінде:</b>	<b>тыс теңге</b>	<b>2 848 855,96</b>	<b>2 294 431</b>	<b>-19,5</b>	
	<i>- Жылу энергиясы</i>	<i>тыс теңге</i>	<i>2 845 678,23</i>	<i>2 282 081</i>	<i>-19,8</i>	
	<i>-16 АТА бу түріндегі жылу энергиясы</i>	<i>тыс теңге</i>	<i>3 177,73</i>	<i>12 350</i>	<i>288,6</i>	
<b>VI</b>	<b>Жылу энергиясының көлемі, коллекторлардан босату, барлығы оның ішінде:</b>	<b>Гкал</b>	<b>602 044,0</b>	<b>503 053,0</b>	<b>-16,4</b>	

<b>VII</b>	<b>Көрсетілетін қызметтердің көлемі БАРЛЫҒЫ</b>	<b>Гкал</b>	<b>595 280,0</b>	<b>493 064</b>	<b>-17,2</b>	
	<i>оның ішінде:</i>					
	<i>- Жылу энергиясы</i>	Гкал	594 616,0	490 390	-17,5	«Қуатжылуорталық» МКК жалғыз тұтынушысының өтінімі бойынша жылу энергиясын босату
	<i>-16 АТА бу түріндегі жылу энергиясы</i>	Гкал	664,0	2 674	302,7	«Бердалиев» ЖК жалғыз тұтынушысының өтінімі бойынша буды босату
<b>IX</b>	<b>Орташа жіберу ТАРИФИ, ҚҚС-сыз</b>	<b>теңге/Гкал</b>	<b>4 785,74</b>	<b>4 785,74</b>	<b>0</b>	2023 жыл бойы «3-Энергоорталық» АҚ үшін екі тариф қолданылды. - 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйекке дейін ҚҚС-сыз 4 556,39 теңге/Гкал мөлшерінде; - 2023 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін ҚҚС-сыз 4 785,74 теңге/Гкал мөлшерінде.